



Бекітемін  
Шұғыла бебекжай-балабақшасының  
менгерушсі:  
Қ.С. Бектүрғанова

**«Шұғыла» бебекжай-балабақшасы МКҚК-ның  
«Айдың үздік қызметкері»  
конкурсын өткізу тәртібі туралы ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МҚҚК-ның жұмысшы-қызметкерлері арасында өткізілетін «Айдың үздік қызметкері» конкурсын өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Балабақшаның үздік жұмысшы-қызметкерін таңдау туралы ереже келесі мақсаттарда енгізіледі:

-жұмысшы-қызметкерлердің өнімді, сапалы және шығармашылық жұмысқа қызығушылығын ынталандыру.

-жұмысшы-қызметкерлердің мансаптық өсуін және кәсіби деңгейін арттыру.

-жұмысшы-қызметкерлердің белсененділігін арттыру.

-балабақшаның кадрлық резервіне енгізу үшін белсененді, жоғары әлеуетті, бастамашыл қызметкерлерді ұсыну.

1.3. Ереже балабақшаның барлық қызметкерлеріне таратылады.

1.4. Айдың үздік қызметкерлері педагогтар, тәрбиешінің, көмекшілері және жұмысшылардың арасында бөлек-бөлек 3 топта анықталады.

1.5. Конкурстың қорытындысы бойынша бір қызметкер бірнеше рет женімпаз болып анықталуы мүмкін.

1.6. Конкурс қорытындысы бойынша женімпаздарға 2023 жылдың желтоқсан айында конкурстық комиссияның шешімі негізінде балабақша менгерушісінің бүйрығымен ақшалай сыйақы тағайындалады.

1.7. Ақшалай сыйақының мөлшері конкурстық комиссияның шешімімен айқындалады және конкурстық отырыстың хаттамасына енгізіледі

## **2. Конкурстық комиссияны құру**

2.1. «Айдың үздік қызметкері» конкурсын өткізу үшін менгерушінің бүйрығымен конкурстық комиссия құрылады.

2.2. Конкурстық комиссияның саны мен құрамын менгеруші айқындаиды.

2.3. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

-конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру.

-конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету.

-конкурсты өткізу дің әділдігі мен жариялышының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

2.4. Конкурстық комиссия тақ саннан, кемінде 3 мүшеден, оның ішінде төрағадан, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысынан және мүшесінен тұрады.

### **3. Конкурсты үйымдастыру және өткізу тәртібі.**

3.1. Ай сайын, есепті ай аяқталғанға дейін үш жұмыс күні бұрын конкурстық комиссия іріктеу жүргізеді, әрқайсысы бір кандидатура ұсынады.

3.2. Комиссия отырыстары айна бір рет өткізіледі.

### **4. Үздік қызметкерді марапаттау рәсімі.**

4.1. Таңдау нәтижелері ай сайын балабақшаның әлеуметтік парақшасында және кәсіподақ бұрышында жарияланады, онда айдың ең үздік қызметкері кім болғандығы және осы қызметкер ең жақсы деп танылғаны туралы хабарланады. Балабақшаның үздік қызметкерінің суреті балабақшаның сайтында түсініктемелерімен ілінеді

4.2. Жылдың соңында қызметкерлердің қайсысы кебірек үздік қызметкер атанса «Жылдың үздік қызметкері -2023» атағымен және бағалы сыйлықпен марапатталады.

### **5. Қорытынды ережелер.**

Қызметкер жұмысшының тиімділік шкаласы

1. Қызметкердің дағдысы, іскерлігі.

2. Откен айда атқарған жұмысы туралы қысқаша ақпарат және оның нәтижесі.